

Заңды тұлғаларға банктік қызмет көрсету шарты Altyn to Business

Алматы қ.

«Altyn Bank» акционерлік қоғамы (China CITIC Bank Corporation Ltd АҚ ЕБ)(China CITIC Bank Corporation Ltd АҚ ЕБ), бір тараптан және Клиент, басқа тараптан, бұдан әрі бірге - Тараптар, ал жекелеп Тарап не жоғарыда көрсетілгендей деп аталатындар төмендегі туралы Altyn to Business жүйесінде заңды тұлғаларға банктік қызмет көрсетудің осы шартын (бұдан әрі - Шарт) жасады.

1-бап. Келісім-шарт тақырыбы

1.1. Осы шарт үлгісінде талаптары Банкпен анықталған қосылу шарты болып табылады. Шарт талаптарын Клиент жалпы алғанда ұсынылған Шартқа қосылу жолы ретінде қабылдауы мүмкін.

1.2. Шартта қолданылған барлық терминдер мен дефинициялар Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, оның №1 қосымшасында келтірілген, Altyn to Business жүйесінде электрондық банктік қызметтерді беру қағидаларында (бұдан әрі - Қағидалар) оның берген мағынасына ие болады.

1.3. Шарт бойынша Клиент тапсырмасымен Банк - Altyn to Business жүйесінде (бұдан әрі - Жүйе) электрондық банктік қызметтер көрсетуге, ал Клиент Қағидаларда белгіленген тәртіпте осы қызметтерге төлемдер жасауға міндеттенеді.

1.4. Тараптар Жүйенің сәтті сәйкестендіру және түпнұсқаландыру кезінде, Жүйеде операциялар жасау барысында қолданылатын бір реттік қауіпсіздік кодын пайдалану арқылы қарқынды сәйкестендірумен расталған электрондық үлгідегі құжаттардың (бұдан әрі - Электрондық құжаттар) қағаз тасығыштағы құжаттармен тең мәнді екендігін және Шарт бойынша Тараптарға осыларға ұқсас құқықтар мен міндеттерді туындататынын мойындайды.

1.5. Тараптар Шарт бойынша олар қолданатын ақпаратты қорғау жүйесінің рұқсат етілмеген кіруден қорғау, сонымен қатар Электрондық құжаттардың авторлығы мен түпнұсқалығын растау үшін жеткілікті екендігін мойындайды.

2-бап. Келісім-шарт бойынша Банктік қызмет көрсету

2.1. Клиент шоттары бойынша жүргізілетін операциялар тізбесі мен Жүйеде банктік қызмет көрсету талаптары Қағидаларда болады.

2.2. Қағидалар Банк пен Клиент үшін міндетті болып табылады және Банкте ашылған Клиенттің шоттарына қатысты барлық операциялар мен әрекеттерге қолданылады.

2.3. Қағидалар Банктің ресми сайтында орналастырылады және Шарттың 2 қосымшасына сай үлгілік нысан бойынша Шарт Клиенттің Altyn to Business жүйесіне қосылуға өтініш (бұдан әрі - Өтініш) беру барысында танысу және қосылу үшін беріледі.

2.4. Осы Шарттың талаптарымен келісе отырып, Клиент Шарт және Қағидалардың талаптарымен танысқандығын және олармен келісетіндігін растайды.

2.5. Шарт бойынша Қағидаларда көрсетілген құжаттарды Тараптардың әрқайсысы электрондық үлгіде басқа Тарапқа жібере алады немесе басқа Тараптан ала алады.

2.6. Электрондық құжаттарды рәсімдеу Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Қағидалардың талаптарына сай жүзеге асырылуы қажет.

3-бап. Дауларды шешу

3.1. Тараптар Заңды тұлғаларға банктік қызмет көрсетудің жалпы талаптарымен белгіленген тәртіпте хаттар алмасу арқылы туындаған дауларды, наразылықтарды, қарама-қайшылықтар мен келіспеушіліктерді реттеу бойынша шаралар қабылдайды.

3.2. Келіссөздер жүргізу немесе дауларды, наразылықтарды, қарама-қайшылықтар мен келіспеушіліктерді хаттар алмасу арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда, Тараптардың

біреуінің осындай наразылықтар мен даулар және т.б. туралы басқа Тарапқа бірінші болып хабар беретін күнінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде, олар Алматы қаласында Банктің бас кеңсесінің орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген сот тәртібінде шешіледі.

4-бап. Қолдануға жарарлық құқық

4.1. Осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сай жасалған және реттеледі.

5-бап. Келісім-шарттың әрекет етуі

5.1. Шарт Жүйенің жұмысын бастаған сәттен бастап және Клиенттің Өтінішке қол қойған және Клиенттің Банкқа төлеуге тиісті комиссиялық сыйақысын төлеген жағдайда күшіне еніп, мерзімсіз әрекет етеді.

5.2. Шарт бұзылады:

1) банктік шоттың барлық шарттары бұзылған және Жүйені пайдаланумен операциялар жүргізілген, Банктегі Клиенттің ағымдағы шоттарының соңғысы жабылған жағдайда, соңғы ағымдағы шот жабылған және банк шоты шарттарының соңғысы бұзылған күннен бастап. Бұл жағдайда Тараптар Шарт бойынша Клиенттің соңғы ағымдағы шотының жабылған күнінен кешікпей өзара есеп айырысу жүргізуге міндетті;

2) Шот бойынша қозғалыстар болмаған және/немесе Шотта қатарынан 12 (он екі) айдан артық ақшаның жоқ болуы жағдайында;

3) Шартты бұзу көзделген күнге дейін 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей басқа Тарапқа ол жайлы ескерткен (жазбаша хабарлау түрінде) Тараптардың бірі Шарттан бас тартқан жағдайда. Шартты бұзған кезде Тараптар бір-бірінің алдындағы барлық бұрын туындаған және Шартты бұзған күнге Шарт бойынша аяқталмаған міндеттемелерді орындауға және бұзу жайлы жазбаша хабарламада көрсетілген бұзу күнінен кешіктірмей өзара есеп айырысу жүргізуге міндетті. Тараптардың Шарттан бас тартуының жекелеген жағдайлары, Тараптардың әрқайсысының басқа жағдайларда Шарттан бас тарту құқығын шектемей, Қағидаларда қарастырылуы мүмкін.

*Altyn to Business жүйесінде заңды тұлғаларға
банктік қызмет көрсету Келісім-шартына
берілген 1-қосымша*

Altyn to Business жүйесінде электрондық банктік қызметтерді беру қағидалары
«Altyn Bank» АҚ (China CITIC Bank Corporation Ltd АҚ ЕБ)(China CITIC Bank Corporation Ltd
АҚ ЕБ)

МАЗМҰНЫ

- 1-бап. Қолданылатын терминдер
- 2-бап. Электрондық банктік қызметтердің тізбесі
- 3-бап. Жүйеде Электрондық банктік қызметтерді беру тәртібі, тәсілі мен талаптары.
- 4-бап. Тараптардың міндеттері және құқықтары
- 5-бап. Қауіпсіздік рәсімдері
- 6-бап. Банктің комиссиялық сыйақысы
- 7-бап. Тараптардың жауапкершілігі
- 8-бап. Электрондық банктік қызметтерді берудің тоқтата тұру, жаңғырту және тоқтату
- 9-бап. Форс-мажор
- 10-бап. Қорытынды ережелер

1-бап. Қолданылған терминдер

1.1. Осы Ережелердің мәтінде бас әріппен берілген терминдер осы Ережелерде оларға берілген түсіндіруге ие, егер басқа түсіндіру тікелей мәтінде болмаса.

Заңды тұлғаларға қашықтан банктік қызмет көрсету шарты/Келісім-шарт	Altyn to Business жүйесінде банктік қызмет көрсету келісім-шарты.
Клиенттің автоматтандырылған жұмыс орны (бұдан әрі - АЖО)	Клиенттің Жүйеде жұмыс істеуі үшін бағдарламалық-техникалық құралдарда орнатылған бағдарламалық кешен.
Түпнұсқаландыру	Банк Қауіпсіздік рәсімдерінің талаптарына сәйкес Электрондық құжатты жасау дұрыстығы мен оның түпнұсқалылығын растау
Банк	«Altyn Bank» АҚ (China CITIC Bank Corporation Ltd АҚ ЕБ), оның филиалдарын қоса алғанда.
Үзінді көшірме	Белгілі уақыт кезеңінде Клиенттің Шоты жайлы тиісінше рәсімделген құжат (қағаз түрінде немесе электронды түрде).
Қолданыстағы заңнама	Белгіленген тәртіпте қабылданған нормативтік құқықтық актілерден тұратын Қазақстан Республикасы заңнамасы.
Клиент	Заңды тұлға не болмаса заңды тұлғаның оқшауланған бөлімшесі (филиал, өкілдік) - осы Қағидалар мен Шартқа сай Шот иесі.
Операциялық уақыт	Банктің нұсқауларды, нұсқауларды орындауды тоқтата тұру не осындай нұсқауларды кері қайтып алу туралы өкімдерді, сонымен қатар Банктің өзге де операциялары бойынша нұсқаулықтарды және/немесе құжаттарды қабылдауды жүзеге асыратын Операциялық күн уақытының нақты кезеңі. Жүзеге асырылатын операциялардың/Банктің беретін қызметтерінің әртүрлі түрлері үшін операциялық уақыт әртүрлі бола алады. Операциялық уақыт туралды ақпарат Банктің Тарифтерінде көрсетіледі және Банктің ресми сайтында тиісті ақпаратты орналастыру арқылы не Заңды тұлғаларға банктік қызмет көрсетудің жалпы талаптарына

	және/немесе Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Клиенттің назарына жеткізіледі.
Операциялық күн	Банктің нұсқауларды, нұсқауларды орындауды тоқтата тұру не осындай нұсқауларды кері қайтып алу туралы өкімдерді, сонымен қатар Банктің өзге де операциялары бойынша құжаттарды қабылдауды (Операциялық уақыт шегінде) және өңдеуді жүзеге асыратын Банктің белгілеген (уақыт өте келетін Банк бір жақты тәртіпте өзгерте алатын) Жұмыс күні уақытының кезеңі. Банк Операциялық күннің өзгертілетіні туралы Клиентке хабарлауға құқылы, бірақ хабарлауға міндетті емес.
Пайдаланушы	Шартқа сәйкес Жүйеге қатынау құқығы және Электрондық банктік қызметтерді алуға, сонымен қатар «Altyn Bank» АҚ-да (China CITIC Bank Corporation Ltd АҚ ЕБ) ашылған, банк шотындағы (-тарындағы) ақшаға иелік етуге өкілеттіктер берілетін, Өтініште Клиенттің көрсеткен адамы.
Қағидалар	Банктің ресми сайтында орналастырылған, «Altyn Bank» АҚ (China CITIC Bank Corporation Ltd АҚ ЕБ) Altyn to Business жүйесінде электрондық банктік қызметтерді беру қағидалары
Қауіпсіздік рәсімдері	Электрондық банктік қызметтерді алуға оның құқығын белгілеу мақсатында Электрондық құжаттарды жасау, беру және алу барысында Клиентті сәйкестендіру және авторластыру үшін, сонымен қатар құпиялылықты қамтамасыз ету мен Түпнұсқаландыру және Банкке жіберуден кейін берілетін және алынатын Электрондық құжаттардың мазмұнында өзгерістер болдырмау үшін арналған ақпаратты қорғаудың ұйымдастыру шаралары мен бағдарламалық-техникалық құралдарының кешені.
Жұмыс күндері	Банктің операцияларды жүргізу және мәмілелерді жасау үшін ашық болатын күндері (сенбіден, жексенбіден және Қазақстан Республикасындағы өзге ресми демалыстардан басқа) немесе шетелдік валютада қаражаттың халықаралық аударымы жағдайында, Қазақстан Республикасында және осындай шетелдік валюта заңды төлем құралы болып табылатын елде операцияларды жүргізу үшін банктің ашық болатын күні.
Пайдаланушының нұсқаулығы	Банктың ресми сайтында орналасқан Жүйемен жұмыс жасау бойынша нұсқаулықтар.
Жүйе	Altyn to Business жүйесі - Ғаламтор желісі арқылы Клиент пен Банк арасында Электрондық құжаттармен алмасу жолымен Клиенттің Банкте ашылған өзінің банктік шоттарын алыстан басқаруға мүмкіндік беретін бағдарламалық қамтамасыз ету.
Тарап немесе Тараптар	Шарт жасаған Банк және/немесе Клиент.
Шот	Банктік шот шарты, Банктік салым шарты және аясында банк шоттары ашылатын, Банк пен Клиенттің арасында жасалған өзге де шарттар негізінде ашылған кез-келген валютадағы Клиенттің Банктік шоты. Мұнда тағы да тиісті шарт бойынша бір немесе бірнеше банктік шоттар ашылатын жағдайлар да ескеріледі.
Тарифтер	Клиентке көрсететін банктік қызметтері үшін Банктің комиссиялық сыйақы мөлшерін анықтайтын тарифтері.
eToken pass құрылғысы	Жүйеге кіру және Электрондық құжаттарды түпнұсқаландыру барысында Клиентті сәйкестендіруге арналған электрондық сандық символдардың (бұдан әрі - Қауіпсіздіктің бірреттік коды) бірегей

	бірізділігін сұраныс бойынша өз бетінше түрлендіруге Клиентке мүмкіндік беретін қарқынды сәйкестендіру құрылғысы.
Электрондық банктік қызметтер	Шартпен және Қағидалармен белгіленген тәртіпте және жағдайларда Жүйе арқылы алыстан Клиентке Банк берген банктік қызметтер.
Электрондық құжат	Банк үшін кез-келген форматта жіберіле алатын, бірақ ақпарат электрондық форматта берілген және eTokenpass құрылғысымен түрлендірілген Қауіпсіздіктің бірреттік коды түрінде қарқынды сәйкестендірумен расталған, Шартқа, Қағидаларға сәйкес Жүйе арқылы Клиент берген кез келген құжат, ескертулер, сұраныстар, тапсырмалар, нұсқаулықтар, нұсқаулар және басқа да хабарламалар.

1.2. Осы Қағидалар Банкте бір және одан да көп шоттардың болуына байланысты Банк пен Клиент арасындағы қатынастарды реттейді. Осы Қағидалар барлық осындай Шоттар үшін жарамды.

1.3. Осы Қағидалар қолданыстағы заңнама талаптарына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес әзірленіп, дайындалған.

2-бап. Электрондық банк қызметтерінің тізбесі

2.1. Электрондық құжаттарды пайдаланатын Жүйе арқылы жүзеге асуы мүмкін Электрондық банктік қызметтердің тізімі:

- 1) ұлттық валютада аударымдарды жүзеге асыруға арналған электрондық төлем тапсырмаларын қабылдау;
- 2) шетелдік валютадағы аударымдарды жүзеге асыруға арналған электрондық төлем тапсырмаларын қабылдау;
- 3) Клиенттің шетелдік валютаны айырбастауына (сатып алу/сату/айырбастау) электрондық өтініштер қабылдау;
- 4) Клиентке электронды түрде үзінді көшірмелер беру (Шот жағдайы және ақша қозғалысы жайлы берілетін үзінді көшірмелер, ағымдағы күн бойынша берілетін алдынала үзінді көшірмелер);
- 5) валюталық бақылауға байланысты құжаттарды экспорттық-импорттық валюталық бақылау қатысушыларынан қабылдау құжаттар (келісімшарттар, инвойстар, келісімдер, төлемге арналған шоттар, қосымша келісімдер және т.б.), келісімшарттың есептік нөмірін беруге арналған өтініштерді есепке алмағанда;
- 6) хаттармен (хаттар, сұраныстар, ескертулер, нұсқауларды жою/тоқтата тұру туралы өкімдер және т.б.) алмасу;
- 7) жинақ ақшалар шотын ашуға/жабуға және банктік салым жасауға/алуға арналған өтініштерді қабылдау және банк салымы шарт талаптарына сай басқа операциялар;
- 8) Банкте Клиенттің қосымша ағымдағы шоттарын ашу/жабу және ағымдағы шот шарты талаптарына сай басқа операциялар;
- 9) корпоративтік төлем карточкасын шығаруға/қайта шығаруға, лимиттер мен шектеулерді қоюға/өзгертуге, карточкаға шек қоюға, корпоративтік төлем карточкасы мен карточкалық операцияларға арналған ағымдағы шотты жабуға және даулы транзакцияны қарастыруға арналған өтініштерді қабылдау.
- 10) Банкпен келісілген, өзге құжаттарды қабылдау.

2.2. Электрондық банктік қызметтердің осы тізімін Банк осы Қағидаларға өзгерістер/толықтырулар енгізумен және/немесе Заңды тұлғаларға банктік қызмет көрсетудің жалпы талаптарына сәйкес өзге де тәсілдермен Банктің ресми сайтында ақпарат орналастыру жолымен біртараптық тәртіпте (Клиентпен келісімпей) өзгертуі мүмкін.

Қағидалардың 2-бабының 2.1. тармағында келтірілген тізбеге енбейтін төлемей сипатындағы кез-келген басқа ақпаратты жіберуге жол беріледі, бірақ ақпарат Банк тарапынан міндеттемелердің туындау негіздемесі болып табылмайды.

2.3. Банктің көрсетілетін Электрондық банктік қызметтер көрсету бойынша алынатын комиссия мөлшері Тарифтермен анықталған.

3-бап. Жүйеде Электрондық банктік қызметтерді беру тәртібі, тәсілі мен талаптары

3.1. Жүйемен жұмыс істеу үшін Клиент келесідей бағдарламалық-техникалық құралдардың болуын өздігінен қамтамасыз етуі қажет:

- 1) Microsoft Windows 7 Service Pack 1 және одан жоғары операциялық жүйе;
- 2) құжаттармен жұмыс істеу үшін бағдарламалық қамтамасыз ету –Microsoft Office; Adobe Acrobat Reader;
- 3) қосылған желілік және жергілікті принтердің болуы;
- 4) өзекті жаңартылған базалары бар вирусқа қарсы бағдарламалық қамтамасыз ету болуы.

3.2. Жүйеде жұмыс істеу үшін Клиент Қолданыстағы заңнама талаптарына және Банктің ішкі талаптарына сай тиісінше рәсімделген құжаттар пакетін беруі қажет.

3.3 Клиент Шарттың 2-қосымшасына не болмаса Банк қарастырған басқа үлгіге сай өтінішті толтыру жолымен Жүйедегі тиісті операцияларды жүргізуге Клиент тиісінше уәкілеттік ететін Пайдаланушыларды өз бетінше анықтайды. Банк растаушы құжаттарға қарсы Жүйедегі Пайдаланушылардың өкілеттіліктерінің сай келуін тексеруге құқылы, бірақ міндетті емес. Банк анықтайтын, қажет болған жағдайда, Клиент тиісті хабарламаны алғаннан кейін және Банк белгілеген мерзімде Жүйедегі Клиент атынан операцияларды жүзеге асыруға Пайдаланушылардың өкілеттілігін растайтын құжатты Банкке беруге міндетті.

3.4. Жүйеге Клиенттің қатынауына Банктік Операциялық күні ішінде Клиентке кепілдік беріледі және <https://corp.altynbank.kz/> мекен-жайы бойынша Ғаламтор арқылы қорғалған байланыс каналдары бойынша қашықтан беріледі. Банктің Операциялық күні Банкпен белгіленеді және Банкпен біржақты тәртіпте өзгертіле алады. Операциялық уақыттың ұзақтылығы және/немесе оның өзгертулері туралы ақпарат Банктік ресми сайтында және/немесе Тарифтерде және/немесе Үзінді көшірмелерде орналастырылады.

3.5. Жүйеге кіру үшін Банк Клиентке Шарттың 2 қосымшасы бойынша Клиенттің Өтінішінде көрсетілген әр Пайдаланушыға береді: пайдаланушының аты (логин), бірреттік пароль мен, Клиенттің Шарт бойынша Электрондық банктік қызметтерді алу үшін ғана пайдалануға құқылы болатын, eToken pass құрылғысы.

eToken pass құрылғысы Банкпен келісілген нұсқа бойынша, Клиенттің бірінші басшысының (не Клиенттің осындай әрекеттерге уәкілетті тұлғаның) қолымен және мөрдің баспа-таңбасымен (болған жағдайда) куәландырылған, eToken pass құрылғыны қабылдау-табыстау актісі бойынша беріледі.

3.6. Клиент eToken pass құрылғысына мұқият қарауға және оны үшінші тұлғаларға бермеуге, Жүйеге үшінші тұлғалардың рұқсатсыз кіруі үшін логинді және парольді таратпауға міндеттенеді.

3.7. Жүйеден Клиентті ағытқан және/немесе eToken pass құрылғысы сынған кезде, eToken pass құрылғысы Клиентте қалады.

3.8. Электрондық банктік қызметтерді ұсыну Жүйедегі Клиенттің табысты сәйкестендіру және Электрондық құжаттарды түпнұсқаландыру кезінде жүзеге асырылады.

3.9 Электрондық құжаттар Банктік Операциялық күн ішінде орындалуға қабылдану тиіс.

3.10. Электрондық құжаттарды Пайдаланушы жасайды, eToken pass құрылғысымен куәландырылады және Клиенттің уәкілетті Пайдаланушысы (-лары) Банкке Жүйе арқылы береді. Банк, тіпті олар Шарт талаптарымен және/немесе Қағидалармен қарастырылмаған Клиенттің уәкілетті өкілдері тарапынан ықпалшара және/немесе кез келген басқа қолдау берілмесе де, егер олар қай уақытта болмасын Клиент Банкке берген өзге де тапсырмалардың талаптарына қарсы келсе де, Банк осындай Электрондық құжаттарды тиісті түрде жасалған, куәландырылған және Клиент атынан берілген деп санауға құқылы. Банк Клиенттің тапсырмаларының және/немесе оларды беретін тұлғалардың өкілеттіктерінің түпнұсқалығын

тексеруді жүргізуге міндетті емес. Клиенттің уәкілетті өкілдерінің қолдарымен және мөрмен куәландырылған, Электрондық құжат сканерленген құжат түрінде берілген жағдайда, Банк осындай қолдар мен мөрдің түпнұсқалығын тексермейді, сонымен қатар Электрондық құжатты Өтінішке сай Клиенттің уәкілеттік берген Пайдаланушының куәландырған кезінде осындай құжатқа нақты қол қойған тұлғалардың өкілеттіктерін тексермейді.

3.11. Клиент Электрондық құжаттарды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сай толтыруға міндетті, Пайдаланушының нұсқаулығында болатын талаптарды есепке алады, сонымен қатар Электрондық құжаттарды қате рәсімдегені үшін ықтимал келтірілген шығындарды қоса алғанда, барлық жауапкершілік Клиенттің мойнына артылады.

3.12. Жүйе арқылы Электрондық банктік қызметтер көрсету Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтаумен жүзеге асырылады.

3.13. Банктің Электрондық құжаттарды қабылдауы, Банктің Электрондық құжаттарды орындаудан бас тарту, Электрондық құжаттарды орындау бойынша әрекеттерді жүзеге асыру Қолданыстағы заңнамаға, осы Қағидаларға, Шартқа және банктік шотының тиісті шартына және/немесе Заңды тұлғаларға банктік қызмет көрсетудің жалпы талаптарына, сонымен қатар Клиенттің нақты Шоты бойынша Банк пен Клиент арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін басқа Шарттарға сай жүзеге асырылады.

3.14. Электрондық құжатты алған соң Банк Операциялық күн ішінде Электрондық құжатты алуды, өңдеуді немесе жөнелтуді растайтын электрондық хабарламаны кері береді («қабылданды», «өңделуде», орындалды» және басқалары).

3.15. Егер қандай да бір себеп бойынша Клиент Жүйе арқылы Электрондық құжаттарды уақытылы жібере алмаса, ол тиісті түрде рәсімделген құжаттарды Банкке қағаз түрінде талапқа сай жеткізу бойынша шаралар қолдануы тиіс.

3.16. Жүйені рұқсатсыз пайдалану күдігі туындаған жағдайда, құпиясыздандыру немесе eToken pass-тың жоғалуына және/ немесе Жүйеге рұқсатсыз қол жеткізу күдігі бар басқа да жағдайларда, Банк Клиенттің жазбаша жүгінуі немесе Пайдаланушының/Клиенттің уәкілетті тұлғасының Банкке Қағидалардың 10-бабында нөмірі көрсетілген телефон бойынша ауызша жүгінуі негізінде Пайдаланушының (-лардың) Жүйесіне кіруге (Электрондық банктік қызметтер көрсетуді ұсынууды тоқтата тұрады) бұғат қояды.

3.17. Жүйеге кіруді бұғаттауды Пайдаланушының/уәкілетті тұлғаның өтініш жасау және оны сәйкестендіру сәтінен бастап қысқа мерзімде Банк жүзеге асырады. Соңғысы, Пайдаланушыны сәйкестендіру үшін, Клиент бойынша деректерді және өзге де қажетті ақпаратты растау жолымен жүзеге асырылады.

4-бап. Тараптардың міндеттері және құқықтары

4.1. Тараптар міндетті:

1) электрондық құжаттарды пайдалану барысында Шарттың, Қағидалардың және Қолданыстағы заңнаманың нормалары мен талаптарын басшылыққа алуға;

2) ақпараттың телекоммуникациялар, өңдеу, сақтау және қорғау жүйелерін компьютерлік вирустарының және Жүйеге және Тараптарға зиян келтіруге қабілетті бағдарламаларының жоқтығына тексерілген жұмысқа қабілетті және жарамды жабдықта ғана қолдануға;

3) басқа Тарапқа телекоммуникациялар жүйесіне рұқсат етілмеген кіруге күдік келтіретін барлық жағдайлар жайлы, сонымен қатар eToken pass құрылғысының жоғалуының, ұрлануының барлық жағдайлары жайлы дереу хабарлауға;

4) қолданыстағы заңнамамен, Шартпен, Қағидалармен және/немесе Банк пен Клиент арасындағы басқа да келісімдермен қарастырылған жағдайларды есепке алмағанда, Электрондық банктік қызметтер ұсыну және алу барысында, Электрондық құжаттар құрамындағы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге.

4.2. Банк құқылы болады:

1) жүйеге рұқсатсыз кіруге күмәндану жағдайында орындауға Электрондық құжаттарды қабылдаудан Клиентке бас тартуға;

Жалпыға бірдей ортақ ақпарат

2) жүйені қорғау механизмдеріне өз көзқарасы бойынша өзгерістер енгізуге;
3) жүйеге рұқсатсыз кіруге күмәнданған жағдайда Жүйеге Клиенттің кіруін бұғаттауға;
4) шот бойынша қозғалыстар болмаған және/немесе қатарынан үш ай бойы (ағымдағы шоттар бойынша) Клиенттің Шотында ақша болмаған жағдайда Жүйеге Клиенттің кіруін бұғаттауға. Шот бойынша қозғалыстар болмаған және он екі айдан артық Шотта ақша болмаған жағдайда, Шарттан бас тарту арқылы Шартты бұзуға;

5) электрондық құжаттардың бөлшектерін Клиенттен растауға сұраныс жасау, Жүйе Пайдаланушыларының өзекті тізімдерін сұрату жолымен, сонымен қатар өзге де тәсілдермен Жүйе жұмысының қауіпсіздігін көтеруге бағытталған кез келген іс-шаралар жүргізуге;

6) жеке деректерді жинауға және өңдеуге, с.і. оларды мемлекеттік органдармен және үшінші тұлғалармен, кез келген мақсаттарда жіберуді, трансшекаралық жіберуді жүзеге асыруға, Клиентке банктік қызмет көрсетуді беру мақсаттарын қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, Банкті тексеруге және аудит жүргізуге, Клиентпен және Шартпен байланысты тәуекелдерге сақтандыруды жүзеге асыруға, Шарт бойынша қарызды өндіруге, Шарт бойынша үшінші тұлғалардың Банктен кеңестер алуына. Соған қоса Банк Қолданыстағы заңнамаға мен ішкі рәсімдерге сай алынған жеке деректерді қорғау мен құпиялылығының қажетті деңгейін қамтамасыз етуге міндеттенеді;

7) шартпен, заңды тұлғаларға банктік қызмет көрсетудің жалпы талаптарын, Қағидалармен және Қолданыстағы заңнамамен қарастырылған басқа да құқықтарды пайдалануға.

4.3. Банк міндеттенеді:

1) осы Шартты жасап, Клиент Банк Тарифтеріне сай комиссиялық сыйақы төлеген соң Клиентті Жүйеде тіркеуге, Клиентке Жүйемен жұмыс істеуді бастау үшін пайдаланушы атын (логин), бірреттік паролді, eToken pass құрылғысын беруге;

2) клиент сұранысы бойынша құрамында орнату және Жүйемен жұмыс істеу жөніндегі Пайдаланушы нұсқаулығы бар нұсқаулықтар/оқу материалдарын беруге;

3) қағидаларға, Шартқа сәйкес Электрондық қызметтерді беруге, соның ішінде eToken pass құрылғысының Қауіпсіздіктің бірреттік кодымен расталған Жүйе арқылы Банкке берілген, Шоттан ақша аударуға Клиенттің нұсқауларын орындауға;

4) банк тарифтеріне сәйкес комиссиялық сыйақыны Клиенттің төлеген кезінде, Жүйенің жұмыс істеу мәселелері бойынша техникалық көмекті Клиентке беруге;

5) жүйеге рұқсатсыз кіруіне күмәндану туралы Клиенттен ескерту алған немесе Клиенттің АЖО рұқсатсыз кіруіне күмәнданулар байқалған жағдайда, Банк барлық мән-жайды анықтау үшін Жүйенің көмегі арқылы бағытталған, Электрондық құжаттары бар барлық операцияны дереу бағыттау тиіс;

6) банк құпиясын құрайтын ақпаратқа рұқсат етілмеген қатынау, оны рұқсат етілмеген өзгерту, рұқсат етілмеген төлемді жүзеге асыру және/немесе ақша аударымы және өзге рұқсат етілмеген әрекеттер анықталған кезде, бұл туралы осындай әрекеттер жол берілген Клиентке олар анықталғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлауға және осындай әрекеттердің салдарын жою және олардың қайталануын болдырмау үшін дерек барлық қажетті шараны қолдануға.

4.4. Клиент міндетті болады:

1) жүйе қауіпсіздігіне қатысты Банктің Қауіпсіздік рәсімдері талаптарын және барлық басқа да нұсқауларды сақтауға. Клиент Жүйеге және Клиенттің компьютерлік және коммуникациялық жүйелерінде сақталған және оны пайдаланумен ақпараттарға рұқсаттың болуымен және оны пайдаланумен байланысты қауіпсіздік шараларын жүзеге асыруды және тұрақты қайта қарауды енгізу бойынша жауапкершілікті алуға міндетті болады.

2) жеке қаражаттары есебінен Ғаламтор желісіне кіруді қамтамасыз етуге және оны пайдаланғаны үшін байланысты жеткізушілердің қызметтеріне өз бетінше төлем жасауға;

3) қолданыстағы заңнама мен осы Ережелердің талаптарына сай төлем құжаттарын рәсімдеуге. Бұл ретте төлем тапсырмалары міндетті реквизиттермен, соның ішінде, "төлем мақсатының коды" бағанында - төлем мақсатының мәтіндік белгісіне сәйкес келетін төлемнің кодтық белгісі (ТТК), ал салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу кезінде - бюджеттік сыныптаманың цифрлық белгісі көрсетіледі, осындай кодтың мәтіндік атауына және "төлем мақсаты" жолында көрсетілген төлемнің мақсатына сәйкес келетін код (ВСК);

4) үшінші тараптың Жүйесін түрлендірмеуге, декомпиляцияламауға, тираждамауға және табыстамауға;

5) осы Ережелерге сай қолданылатын өзінің бағдарламалық-техникалық құралдарының жұмыс жағдайын жеке шоты есебінен ұстауға;

6) eToken pass құрылғысымен жұмыс істейтін қауіпсіздіктің Бірреттік кодымен расталған Электрондық құжаттар Банкқа жеткізіледі;

7) пайдаланушылар рұқсатының, құқығының және өкілеттіліктерінің деңгейін өз бетінше қадағалауға;

8) банкқа берілген тұрақты нұсқасында Өтініш-арызда көрсетілген Пайдаланушы өкілеттілігін тоқтату/өзгерту жайлы Банкты уақытылы құлақтандыруға және Жүйедегі мұндай тұлғаларға рұқсатты блокқа қоюға жазбаша нұсқауды дереу беруге.

Жүйені қолдануды Банк берген Жүйені пайдалану бойынша нұсқауларға және ұсыныстарға толық сәйкестікте Жүйені қолдануды жүзеге асыруға.

4.5. Клиент құқылы болады:

1) шартқа және Қағидаларға сай Жүйеде қызмет алуға;

2) банкпен келісім жасау бойынша Банк Тарифтерімен белгіленген Банкке комиссиялық сыйақы төлеумен eToken pass қосымша құрылғыларын алуға;

3) банкпен келісілген нұсқа бойынша, бірінші басшының немесе осындай әрекеттерге уәкілетті тұлғаның қолымен және Клиент мөрінің баспа-таңбасымен куәландырылған өтінішті Банкке беру жолымен Пайдаланушылардың, уәкілетті тұлғалардың тізіміне өзгертулер енгізуге; Өтініш Жүйе бойынша Банкке беріле алады, бұл ретте ол бірінші басшымен немесе Клиенттің осындай әрекеттерге уәкілеттік берген тұлғамен Жүйеде куәландырыла алады.

4) Клиентке бұрын берілген ПИН-хатқалта жоғалған жағдайда, Жүйеге кіру үшін қажетті бірреттік паролі бар жаңа ПИН-хатқалта алуға;

5) банктан Шарт пен Қағидаларды тиісінше орындауды талап етуге;

6) барттың 5-бабының 5.2. тармағының 3) тармақшасына сәйкес Шартты бұзуға.

4.6. Осы арқылы Клиент сендіреді:

1) клиенттің Пайдаланушылары мен уәкілетті тұлғаларының жеке деректеріне, Шарт және Қағидалар, Шартқа берілген қосымша келісімдер бойынша Банкке тапсырылған және болашақта тапсыруға жататын жеке деректеріне қатысты, сонымен қатар Қолданыстағы заңнамаға және/немесе Банктің ішкі құжаттарына сай осындай жеке деректерді жинау, өңдеу қажеттілігі туындаған басқа да жағдайларда, Клиент «Жеке деректер мен оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын сақтаумен Пайдаланушылар мен Клиенттің уәкілетті тұлғаларынан жеке деректерді жинауға және өңдеуге, үшінші тұлғаларға, с.і. Банкке жеке деректерді беруге, жеке деректерді Банктің өңдеуіне келісімді алғанына;

2) банк анықтаған қажеттілік жағдайында Клиент Банкке Клиент Пайдаланушылар мен Клиенттің уәкілетті тұлғаларынан жеке деректерді жинау мен өңдеуге, жеке деректерді үшінші тұлғаларға, с.і. Банкке беруге, Банктің жеке деректерін өңдеуге келісімдерді жинауды құжаттық дәлелдеуді ұсынатынына, ал келісімдердің болуын құжаттық дәлелдеудің мүмкін болмауы кезінде осындай келісімдерді жинайды және Банкке оларды алғанын дәлелдейтініне;

3) клиенттің Пайдаланушылары мен уәкілетті тұлғаларынан Банктің олардың жеке деректерін, соның ішінде «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сай трансшекаралық тапсыруды жүзеге асыруына алдын-

ала келісімін алғанына; Банктің талабы бойынша Клиент Банкке олардың барлығы жайлы құжаттық дәлелді ұсынатынына;

4) жүйе арқылы өткізілетін операциялар бойынша Қолданыстағы заңнама талаптарына сай кепілдік беретініне.

5-бап. Қауіпсіздік рәсімдері

5.1. Қос-факторлық сәйкестендіру рәсімдері Клиентті және оның Электрондық банктік қызметтерді алу құқығын дұрыс сәйкестендіруге, олардың негізінде Клиентке Электрондық банктік қызметтер берілетін Электрондық құжаттардың мазмұнындағы қателіктерді/немесе өзгерістерді анықтауға, банктік құпия болып табылатын ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізуден қорғауды және ол ақпараттың тұтастығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

5.2. Ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету бойынша барлық рәсімдер Клиенттің пайдаланушылық жеке компьютерлерінде, Ғаламтор жүйесінде және Клиент пен Банк Жүйесіндегі серверлерде орындалады.

5.3. Жүйеде тапсырылатын және қабылданатын ақпараттың құпиялығын қамтамасыз ету мақсатында Ғаламтор желісі арқылы банктік қызмет көрсетудің қосымшалары үшін стандарттық салалық шифрлау болып табылатын Ғаламтор арқылы жеке банктік қызмет көрсетудің барлық қосымшасымен бірге - sha256 қолтаңба шифрлау алгоритмдік SSL шифрлау (қауіпсіз қосылыстар хаттамасы) қолданылады.

5.4. Клиент SSL шифрлауды қолдауы бар заманауи браузердің болуын қамтамасыз ету керек.

5.5. Жүйеге кіру кезінде және Банктің Электрондық банктік қызметтерді көрсетуі кезінде Пайдаланушыны сәйкестендіру мақсатында Жүйеде келесі сәйкестендіру деректері қарастырылған: пайдаланушының аты (логин), пароль, eToken pass Құрылғысымен жасаған Қауіпсіздіктің бірреттік коды.

5.6. Жүйеге алғашқы кіру кезінде Пайдаланушы Банк ұсынған пайдаланушының есімін (логинді), парольді және eToken pass Құрылғысымен жасаған Қауіпсіздіктің бірреттік кодын қолданады.

5.7. Жүйеге алғашқы кіруді жүзеге асырғаннан кейін Пайдаланушы Банк ұсынған парольді жеке өзінің пароліне алмастыруға міндетті. Үшінші тұлғалардың Жүйеге кіруінен қорғау мақсатында келесідей ең төмен талаптарға сай парольдерді пайдалану ұсынылады:

1. Парольде пайдаланушының есептік жазбасы немесе оның кез келген бөлігі болмауы керек.
2. Пароль 8 (сегіз) символдан кем емес және 10 (он) символданартық емес болуы қажет.
3. Парольде келесі төртеудің санынан үш санаттың символдары болуы керек:
 - А-дан Z-ға дейін ағылшын әліпбиінің жазу әріптері;
 - а-дан z-ға дейін ағылшын әліпбиінің кіші әріппен жазулары;
 - сандар (0-ден 9-ға дейін);
 - арнайы символдар (мысалы, !, \$, #, %).

5.8. eToken pass Құрылғысын пайдалана отырып, Электрондық құжатты түпнұсқаландырғаннан кейін, редакциялау, сондай-ақ Электрондық құжат мазмұнында өзгерту мүмкін емес, егер тек қана Клиент Жүйеде Электрондық құжаттың Түпнұсқаландырылуын өз бетімен алып тастамаса. Электрондық құжатты дұрыс ұстауға барлық жауапкершілік Клиентке жүктеледі.

5.9. Электрондық құжатты Банкке жіберу кезінде, eToken pass Құрылғысын пайдалана отырып, Жүйе қайта Түпнұсқаландыруды талап ете алады, егер Клиент осы Электрондық құжатқа бұрын қол қоймаған болса.

5.10. Пайдаланушы кез-келген үшінші тұлғаларға өзінің пайдаланушы есімін (логинін), паролін, eToken pass Құрылғысын жариялауға, тапсыруға құқылы емес, оларды кез-келген үшінші тұлғаларға қол жетпейтін, олардың сақталуын және тұтастығын кепіл ететін орында сақтауға міндетті.

5.11. Пайдаланушы Жүйеге кіру үшін бірнеше рет (қатарынан бес мәртеден артық) қате парольді ендіру жағдайында Пайдаланушының Жүйедегі есептік жазбасын Банк автоматты түрде бұғаттайды. Есептік жазбаны бұғаттағаннан кейін Пайдаланушының Жүйеге берілген рұқсаты тоқтатылады. Есептік жазбаны бұғаттаудан шығару мақсатында Пайдаланушыға Банктің Корпоративтік өнімдер басқармасына жүгіну керек. Бұғаттаудан шығару Банктің ішкі рәсімдерінің негізінде шығарылады.

5.12. Клиенттің пайдаланушының есімін (логинін), парольін және Қауіпсіздіктің бірреттік кодын қате ендіруі Банктің Электрондық банктік қызмет көрсетуден бас тартуына негіз болып табылады.

5.13. Қауіпсіздік мақсатында Жүйеде Пайдаланушының Жүйеде белсенді әрекеттерінің ұзақ уақыты ішінде (15 минуттен астам) болмауы жағдайында Пайдаланушының Жүйедегі ағымдағы сессиясын ажырату қызметі қарастырылған. Жүйеге қайта кіру үшін Пайдаланушы кіру рәсімін қайта жасау керек. Сонымен қатар Пайдаланушының ағымдағы сессиясында болмауы кезінде жұмыс орнын қалдыруға тыйым салынады.

5.14. Клиент Жүйені, eToken pass Құрылғысын, сонымен қатар оның компьютерлік жүйелерінде сақталып жатқан ақпараттын орнату, қолдау және үнемі бақылау, және, ішінара, парольдерді бақылау үшін толық жауапкершілікті өз мойнына алады.

5.15. Клиент өзі білетін немесе күдіктенетін Жүйеге кез-келген рұқсатсыз кіру немесе рұқсатсыз операция туралы Банкке жедел түрде хабарлауға міндетті болады.

5.16. Клиент Клиенттің барлық Пайдаланушылары мен Уәкілетті тұлғалары Қауіпсіздік рәсімімен таныс екенін және оны орындайтыны туралы дәлелдейді.

5.17. Клиент Банкті барлық сотқа жүгінулер мен сот қарауларынан қорғауға, Клиенттің осы бапқа сай өз міндеттерін орындамауы немесе дұрыс орындамауы нәтижесінде Банкке келетін шығындар, шығыстар мен зардаптарды өтеуге келіседі.

6-бап. Банктің комиссиялық сыйақысы

6.1. Банк Банктің ресми сайтында орналастырылған, Бекітілген Тарифтерге сай Шарт бойынша көрсетілген қызметтер үшін комиссиялық сыйақыларды алуға құқылы.

Шарт бойынша қызметтер көрсеткені үшін комиссиялық сыйақыны алу тәртібі Заңды тұлғаларға банктік қызмет көрсетудің жалпы талаптарымен анықталған. Шарт бойынша. Клиент Банкке. көрсетілетін қызметтер үшін комиссиялық сыйақыны, сонымен қатар Клиенттің Электрондық құжаттарын орындауға байланысты Банктік жұмсаған барлық шығындарын Банктік тарифтеріне сәйкес Банктің Шотын тікелей дебеттеу арқылы есептен шығаруға сөзсіз келісім береді. Шарт, шотты тікелей дебеттеу шарты болып табылады, соған сәйкес Клиент Банкке Шоттан ақшаны есептен шығаруға сөзсіз, даусыз келісім береді.

6.2. Банк Клиенттен комиссиялық сыйақыны алуға мүмкіндік болмау жағдайында Шарт бойынша қызметтерді көрсетуді тоқтатуға немесе олардан бас тартуға құқылы. Ол туралы Банк Шарт бойынша қызметтерді тоқтату/бас тарту күнінен бастап Клиентке 10 (он) күнтізбелік күні ішінде жазбаша түрде немесе электрондық тәсілмен хабарлайды. Клиент қызметтер үшін төлеу жағдайында Банк Клиентке жазбаша түрде немесе электрондық тәсілмен хабарландырумен қоса Клиентке қызметін көрсетуді қайта жаңартуға құқылы.

6.3. Шетелдік валютада банк қызметтерін, соның ішінде Электрондық басқа қызметтерін көрсету кезінде қолданылатын валюталар айырбасы курсы анықтау тәртібі Заңды тұлғаларға банктік қызмет көрсетудің жалпы талаптарымен анықталған.

7-бап. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Шартқа, осы осы Қағидаларға және Қолданыстағы заңнамаға сай жауапты болады.

7.2. Тараптардың ешбірі Электрондық құжаттарды пайдалану, соның ішінде қате Электрондық құжаттарды орындау кезінде, егер ол құжаттарды Тараптардың бірі қажетті түрде рәсімдеп жіберген, ал басқа Тарап тексеріп қабылдау нәтижесінде біріншінің кінәсынан емес басқа Тараптың шығындары үшін жауапты болмайды.

7.3. Банк электрондық төлем құжаттардың негізінде операцияларды өткізудің уақытылығы мен дұрыстығы үшін Шарт пен осы Қағидаларға сай жауапты болады.

7.4. Клиент үшінші тұлғалардың, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, кез-келген негізде/себеппен АЖО, eToken pass Құралғылары, кіру парольдері туралы ақпаратқа қол жеткізген Клиенттің контрагенттері/жұмысшыларының кез келген әрекеттерінің нәтижесінде шығындар үшін, егер ол Клиенттің абайсыздығы, немқұрайдылығы және/немесе әдейі жасағанынан орын алған болса, Банк жауапты болмайды.

7.5. Банк, егер Клиент Банкті Клиент Өтінішінде көрсеткен Пайдаланушылардың өкілеттіктерінің тоқталуы немесе оның көлемінің өзгерілуі туралы уақытылы хабарламаған/хабарламаған жағдайда Клиенттің Электрондық құжаттарын орындағаны/орындамағаны/орындаудың дұрыстығы үшін жауапты болмайды.

7.6 Банк электрондық құжаттарды дұрыс рәсімделмеуіне байланысты кез-келген шығындар үшін жауапты болмайды.

7.7 Жеке деректерді жинау және өңдеу үшін, жеке деректерді үшінші тұлғаға, соның ішінде Банкке, тапсыруға келісімнің жоқтығы, сонымен қатар осы Қағидалардың 4.6 тармағының қарастырылған келісімдердің жоқтығы үшін жауапкершілік Клиенттің мойнына артылады. Жеке деректер және оларды қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу үшін Банкке кез келген шараларды қолдану жағдайында Клиент Банктің талабы бойынша Банктің кез келген шығындары мен шығыстарын толықтыруға міндетті болады.

7.8. Клиенттің уәкілетті тұлғасының кіру парольдерін, пайдаланушылардың есімдерін (логиндерін) жариялау, үшінші тұлғаларға, себебіне қарамастан, тапсыру нәтижесінде орын алған шығындарды толықтыру, нақты шығынды, алынбаған пайданы қоса алғанда, мәселелері Клиент пен Клиенттің Уәкілетті тұлғасы арасында Банктің қатысуынсыз шешіледі.

8-бап. Электрондық банктік қызметтерді берудің тоқтата тұру, жаңғырту және тоқтату

8.1. Банктің Клиентке Электрондық банктік қызметтерді беруді тоқтата тұру және тоқтату негіздемелері болып табылады:

- 1) Клиенттің өз міндеттемелерін, сонымен қатар Шартпен және/немесе Қағидалармен көзделген Қауіпсіздік рәсімдерін бұзуы;
- 2) Операциялық күн ішінде Электрондық банктік қызметтерін көрсетуді қамтамасыз ететін техникалық құралдардың жарамсыздығы;
- 3) Операциялық күн ішінде ағымдағы, кезектен тыс немесе апаттық қызмет көрсетуді жүргізу қажеттілігі;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Заңды тұлғаларға банктік қызмет көрсетудің жалпы талаптарымен немесе осы Қағидалармен көзделген өзге негіздемелер.

8.2. Қолданыстағы заңнамаға көзделген жағдайдан басқа, Қағиданың 8.1-тармағында қарастырылған негіз бойынша Электронды банктік қызметтерді тоқтата тұру немесе тоқтату жағдайында заңды тұлғаларға банктік қызмет көрсетудің Жалпы Талаптарында көзделген тәртіпте және тәсілдің бірінде хабарды жіберу жолымен Клиентке Банк хабарландырады. Қолжетімділігіне жоспарланған өзгертулер ықпал етуінде, Жүйе жұмысын қамтамасыз ететін Жүйеге енгізілген өзгертулерді (жаңартуларды) қолданысқа жоспарлы енгізу туралы Банк Клиентке мерзімінде хабарлайды, сондай-ақ оның шамаланған қол жетпестігі уақытын Банктің интернет-ресурсына хабарламаны орналастыру жолымен келесі мекенжай бойынша: <https://altynonline.kz/>.

8.3 Электрондық банк қызметтерін алуға Клиенттің құқығының тоқтатылуына әкеп соғатын себептерді жою кезінде, Банк Электрондық банк қызметтерін көрсетуді жаңартады.

9-бап. Форс-мажор

9.1. Егер Тараптардың біріне төменде сипатталған форс-мажор жағдайлары міндеттемелерді орындауға кедергі жасаса немесе орындауды тоқтатса, онда Тараптың Жалпыға бірдей ортақ ақпарат

міндеттемелерін орындауы форс-мажор жағдайлары созылған уақытына және олар Тараптың міндеттемелерін орындауға кедергі жасау немесе тоқтату дәрежесіне сай тоқтатылады. Форс-мажорлық жағдайлардың басталуына қарай Келісім-шартқа сай кез келген міндеттемелерді орындау мүмкін болмаған Тарап форс-мажорлық жағдайлар басталғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешікпеу мерзімінде ол туралы басқа Тарапқа жазбаша түрде хабарлауы және басқа Тарапқа қатысты шығындар мен шығыстарды азайту мақсатында барлық әрекеттерді қолдану және өзінің Келісім-шарт бойынша міндеттемелерін орындау мүмкіндігін қалпына келтіруі керек. Хабарламау немесе уақытылы хабарламау, мұндай хабарламау немесе уақытылы хабарламау тікелей талапқа сай форс-мажорлық жағдаймен туындаған жағдайлардан басқа, Тараптың Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде кез келген форс-мажорлық жағдайға сілтеуге құқығынан айырады.

9.2. Форс-мажор ретінде, өрттерді (Тараптардың заң бұзуы немесе немқұрайлылық нәтижесінде орын алғандардан басқа), су тасқындарын, жер сілкіруді, соғысты (жарияланған және жарияланбаған), төңкерістерді, ереуілдерді, азамат соғыстарын немесе жаппай тәртіпсіздіктерді қоса, бірақ олармен шектелмей, жеңілмейтін күштің кез келген жағдайлары болып табылады.

10-бап. Қорытынды жағдай

10.1. Altyn to Business жүйесінде қызмет көрсетумен байланысты мәселелер бойынша Клиентке жұмыс күндері Нұр-Сұлтан 09-00-ден 18-00 дейін уақытында +7 727 2596998 телефоны арқылы байланысуға болады. Немесе Банкке, оның филиалдарына Банктің ресми сайтында көрсетілген мекен-жайлар бойынша бару арқылы.

10.2. Банк бір тарапты тәртіп бойынша байланыс деректерін, оларды Банктің ресми сайтында орналастырып, өзгертуге құқылы.

10.3. Клиент Банктің алдын-ала жазбаша түрде келісімісіз Келісім-шартқа байланысты кез келген құқықтарын немесе міндеттемелерін тапсыруға құқылы емес. Осындай тапсырудың немесе өткізудің кез келген әрекеттердің осы бапты бұзуы ретінде заңды күші және нәтижесі болмайды.

Осы Ережелер, Келісім-шарттың ажырамайтын бөлігі ретінде, Тараптар, олардың құқық қабылдаушылар (нәтижесінде бірнеше заңды тұлға пайда болатын немесе заңды тұлғадан бір немесе бірнеше заңды тұлға шығарылатын Клиентті бөлу және шығару жолымен қайта ұйымдастыру жағдайларын қоса) үшін міндетті болып табылады.

10.4. Осы Ережелер, Келісім-шарттың ажырамайтын бөлігі ретінде, Тараптардың толық өзара түсіністігі болып табылады және өзімен Клиентке Жүйені қолдану арқылы Электрондық банктік қызметтерді көрсетуге байланысты олардың арасындағы барлық алдын-ала жазбаша немесе ауызша келісімдер мен келіссөздерді алмастырады. Осы Ережелермен немесе Келісім-шартпен қарастырылмағандардың барлық жағдайларында Тараптар Банктің сайтында орнатылған заңды тұлғаларға банктік қызмет көрсетудің Жалпы Шарттары мен Қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

10.5. Банк Келісім-шартқа, Ережелерге және Тарифтерге өзгерістерді ендіруде өз құқығын сақтайды. Банк Клиентті (ендіруі Ережедердің басқа нормаларымен реттелетін Тарифтердегі, Жүйені пайдалану кезінде ұсынылатын операциялар тізіміндегі өзгерістерден басқа) осындай өзгерістер туралы оларды күшіне ендіру күніне дейін 10 (он) күнтізбелік күнінен асырмай хабарландыру тиіс. Хабарландыру Клиентке жазбаша хабарландыруды (Клиенттің осындай хабарландыруды алғаны туралы дәлелдің қажеті жоқ) бағыттау және/немесе электрондық пошта және/немесе Банктің ресми сайтында ақпаратты орналастыру арқылы орындалады. Осындай хабарландырудан кейін және Клиент өзгерістермен келіспеу жағдайында Клиент ол туралы Банкке жазбаша түрде өзгерістердің әрекетке ендіру күнінен кешікпей хабарлау керек, және Клиент Келісім-шарттан Келісім-шарттың 5.2-тармағының 3) тармақшасында қарастырылған тәртіп бойынша бас тартуға құқылы, осы Ережелерде тікелей қарастырылған жағдайлардан басқа. Клиент Келісім-шартқа, осы Ережедерге. Тарифтерге өзгерістер енгізу туралы ақпаратты алмаумен байланысты жауапкершілік пен барлық мүмкін болатын Жалпыға бірдей ортақ ақпарат

тәуекелдіктерді өз мойнына алады. Келісім-шартқа және/немесе Ережелерге өзгерістерді әрекетке ендіруден кейін, егер Клиент Келісім-шарттан бас тартпаса, Келісім-шарт, Ережелер өзгерілген түрде әрекет етуді жалғастырады.

10.6. Клиент пен үшінші тұлғалар арасындағы соттың қарауына оны тартқан жағдайдағы Банктің кез келген шығындары, сонымен қатар Банктің Клиентпен қарым-қатынас нәтижесі ретінде пайда болуы мүмкін және Тарифпен реттелмейтін Банктің кез келген басқа шығындары Клиенттің есебіне жатады. Банк Клиентке шығындар сомасын көрсету арқылы төлеуге шотты ұсынады. Клиент көрсетілген шотты алғаннан кейін жедел түрде оны төлеуі тиіс.

10.7. Осы Ережелер мен Келісім-шартқа қатысты барлық құжаттар Банк пен Клиент арасында келісітірілген мемлекеттік/немес орыс және/немесе ағылшын тілінде жасалуы керек. Мүмкін болатын түрлі оқылым жағдайында Тараптар орыс тілінде жасалған сәйкес құжаттың мәтінін басшылыққа алады.

Приложение №2 к Договору дистанционного банковского обслуживания юридических лиц
 Appendix No. 2 to the Agreement for remote banking services for legal entities
 Заңды тұлғаларға қашықтан банктік қызмет көрсету Шартына № 2 қосымша

Заявление на подключение к Системе Altyn to Business в АО «Altyn Bank» (ДБ China CITIC Bank Corporation Ltd)		Application for connection to the System Altyn to Business in the JSC “Altyn Bank” (SB of China CITIC Bank Corporation Ltd)		«Altyn Bank» АҚ (China CITIC Bank Corporation Ltd ЕБ) Altyn to Business Жүйесіне қосу туралы Өтініш	
Информация о Клиенте/ Client Information/ Клиент туралы ақпарат					
Юридическое название/ Legal name/ Заңды атауы				БИН/ Business identification number/ БСН	
Настоящим, в лице _____, действующего(-ей) на основании _____ (далее – «Клиент»), просит подключить к Системе Altyn to Business.				Hereby, represented by _____, acting pursuant to _____ (hereinafter – the "Customer"), asks to connect it to the Altyn to Business System.	
Клиент просит зарегистрировать в Системе Altyn to Business следующих пользователей:				The Customer asks to register the following users in the Altyn to Business System of the JSC “Altyn Bank” (SB of China CITIC Bank Corporation Ltd):	
Информация о пользователях/ User Information/ Пайдаланушылар туралы ақпарат					
Ф.И.О/ Name/ ТАӘ	Документ, удостоверяющий личность (номер, срок действия документа) / An identity document (number, expiry date of the document) / Жеке басын куәландыратын құжат (нөмірі, құжаттың қолданылу мерзімі)	Телефон, e-mail/ Telephone, e-mail / Телефоны, e-mail	Категория подписи/ Signature category/ Қол кою категориясы*	Дополнительная информация/ Additional Information/ Қосымша ақпарат	

*Е – единственная подпись/ single signature/ жалғыз қолтаңба

<p>A – право подписи «А»/ «A» signature/ «A» қолтанба B – право подписи «B»/ «B» signature/ «B» қолтанба N – без права подписи/ without signature right/ қол қойылмайды</p>		
Подписывая настоящее Заявление, Клиент подтверждает:	By signing this Application, the Customer confirms:	Осы Арызға қол қоя отырып, Клиент келесіні дәлелдейді:
1. что вышеуказанные лица должным образом уполномочены на управление всеми Счетами Клиента в АО «Altyn Bank» (ДБ China CITIC Bank Corporation Ltd) (далее- Банк), а также на получение выписок и любой иной информации предоставляемой Банком.	1. That the above-mentioned persons are duly authorised to manage all the Customer's Accounts at the JSC “Altyn Bank” (SB of China CITIC Bank Corporation Ltd) (hereinafter – the "Bank"), as well as to receive the statements and any other information provided by the Bank.	1. Жоғарыда көрсетілген тұлғалар Клиенттің «Altyn Bank» АҚ (China CITIC Bank Corporation Ltd ЕБ) (бұдан әрі - Банк) барлық Шоттарын басқаруға, сонымен қатар Банк беретін көшірмелер мен кез келген ақпаратты алуға өкілетті екенін;
2. что ознакомился, а также ознакомил вышеперечисленных Пользователей с Договором дистанционного банковского обслуживания юридических лиц в Системе Altyn to Business (далее – «Договор»), Правилами по порядку и условиям получения электронных банковских услуг в Системе, включая Процедуры безопасности, перечнем электронных банковских услуг, предоставляемых Банком на основании Договора, а также Тарифами Банка и выражает свое согласие с размерами комиссионного вознаграждения по оказанию Электронных банковских услуг, дает свое согласие на присоединение к Договору, принимает и безоговорочно соглашается с их условиями, а также с изменениями и дополнениями в Договоре и в его приложениях, которые предоставляются при подаче настоящего Заявления и размещаются в сети Интернет на официальном сайте Банка при вступлении Договора в силу.	2. That he/ she has read and understood the Agreement for remote banking services for legal entities in the System Altyn to Business (hereinafter – the "Agreement") and the Rules of e-Banking services provision in the System, including Security Procedures, the list of e-banking services provided by the Bank on the basis of the Agreement, as well as the Bank's Tariffs and agrees with the commission fee for the provision of e-Banking services, gives his/ her consent to annex to the Agreement, accepts and unconditionally agrees to their terms, and as amended in the Agreement and its annexes, which are subject to submission of this Application and shall be posted on the Internet on the official website of the Bank upon entry into force hereof.	2. Жүйедегі заңды тұлғаларға қашықтан банктік қызмет көрсету шартымен Altyn to Business (бұдан әрі – Шарт), Жүйедегі банктік қызмет көрсету Қағидаларымен (бұдан әрі - Қағидалар), соның ішінде Қауіпсіздік рәсімдерін, Шарт негізінде Банктік беретін, электрондық банк қызметтерінің тізбесін қоса алғанда, сонымен қатар Банктің тарифтерімен танысқанын және Электрондық қызметтер көрсету бойынша комиссиялық сыйақы мөлшеріне өз келісімін беретінін, Шартқа қосылуға келісімін беруді білдіретінін, олардың талаптарын, сонымен қатар осы Өтінішті беру кезінде тапсырылатын және Шарттың күшіне ену кезінде Банктің ресми сайтында орналастырылатын Шарттағы және оның қосымшаларындағы өзгерістер мен қосымшаларды қабылдайтынын және олармен сөзсіз келісетінін;
Настоящее Заявление является неотъемлемой частью Договора. Заявление составлено, подписано на казахском и/ или русском и/ или английском языках.	This Application is an integral part of the Agreement. The Application is executed and signed in Kazakh, and/ or Russian, and/ or English.	Осы Өтініш Шарттың ажырамайтын бөлігі болып табылады. Өтініш қазақ және/немесе орыс және/немесе ағылшын тілінде жасалған.
<p>_____ Подпись Первого Руководителя Signature of Chief Executive Бірінші жетекшісінің қолы</p>	<p>_____ М.П. Company stamp М.О.</p>	<p>_____ Дата подписи Signature Date Қол қойылған күні</p>